

КАЗЕТУ LIFE

20 ЖЫЛ
2001-2021
КАЗЕТУ

ҚАЗАҚСТАН ИНЖЕНЕРЛІК-
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ

№4 (4) 2021 жыл, қазан, kazetu2001@gmail.com

БҰЛ САНДА:

- ▶ ҚАЗИТУ СТУДЕНТТЕРІ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ
- ▶ “START UP”
- ▶ ДЕНЬ УЧИТЕЛЯ



ҚАЗИТУ-ДА ТӘЛІМГЕРЛЕР КҮНІ ӨТТІ



Білім жолында өз үйінен жырақ жүрген студенттер отбасылық жылулық пен қамқорлықты сезінуі керек. Білім ордалары тек сапалы маман дайындап қана қоймай, студенттердің бойына «жұмсақ дағдыларды», жалпыадамзаттық құндылықтарға бастайтын ұлттық құндылықтарды да сіңіруіміз қажет деді, Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің ректоры Гүлнар Сәрсенбекова Тәлімгерлер институтының ашылуында.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында «Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру» деп атады. Бұл міндет жастармен тікелей жұмыс істеп отырған жоғары оқу орындарына

үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы орайда ҚазИТУ-да Тәлімгерлер институты өз жұмысын бастады. Жоба барысында университетте қызмет етіп жүрген қызметкерлер, оқытушы-профессорлар өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөліседі. Мәселен, ас дайындау, спортпен шұғылданду, өнерге баулу, дұрыс тамақтану сияқты қарапайым да өзекті тақырыптар айтылады.

Тәлімгерлер институтының алғашқы күнінде университет ректоры Гүлнар Әлібекқызы Студенттер үйіндегі «Ас үй» алаңында студенттермен бірге тағам әзірлеп, ас дайындаудың қыр-сырымен бөлісті. Палау басып, нан пісірді.

Студенттер де өздеріне деген жылылықты, мейірімділікті, қамқорлықты сезініп жатқандарын жеткізді. Сапалы білім білім берумен қатар, адами құндылықтарды сіңіруде өз тәжірибелерімен бөлісіп отырған ұстаздарына алғыстарын жеткізді. Осы университеттің «финанс» мамандығы бойынша 2 курс студенті Балнұр Серікбай: «Үйімізді сағынып алыста жүргенде оқу ордамыздың отбасылық жылулықты сезіндіріп, жанымызды ұғып, сырласып, тәлімгерлік танытып жатқаны біздерді қуантады. Ректор біздермен бірге тағам дайындап, жол нұсқап отыр. Оқытушы-профессорлар құрамы қатар отырып, біздермен сырласып, өмірлік ақыл-кеңестерін айтып жатыр. Білім алып жатқан біздердің болашақта тек жақсы ма-





ман ғана емес, жақсы адам болып қалыптасуымызға тәрбиелеп жатыр», - деген ойымен бөлісті.

Жаратылыстану және ғылыми пәндер кафедрасының профессоры, жақында ғана 75 жас мерейтойын атап өткен Фазила Утеғалиева салауатты өмір салтын ұстануда өз тәжірибесімен бөлісіп, студенттерге гимнастика жасатты. Зейнет жасындағы профессор өзі де күнделікті фитнес залға баруды әдетке айналдырғанын айтты. Ал педагогика ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Райса Абдисулейменова «Ата-аналар алаңында» студенттердің ата-аналарымен видео конференция арқылы байланысқа шығып, бала тәрбиесінде орта әңгіме өрбіді. Вокал клубының жетекшісі, өнертану ғылымдарының магистрі, Манарбек Жалимбетов «Вокал клубы» алаңында студенттермен

бірге вокалдан сабақ өтті. Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету кафедрасының меңгерушісі, профессор Аманжол Бектемісов «Конференция залында» Робототехника бойынша шеберлік сағатын өткізіп, студент жастарға жаңа технологияның қыр-сырын меңгертті.

Жалпы еліміздегі жоғары оқу орындарында алғаш рет өткізіліп отырған Тәлімгерлер институты «жұмсақ дағдыларға, жалпыадамзаттық құндылықтарға бастайтын ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталып отыр. Студенттермен жұмыс істеп отырған тәлімгерлер өздері жүріп өткен өмір жолы арқылы ақыл-кеңес, ашық сұхбаттасу жүргізді. Алда 38 бағытта тәлімгерлік жұмыстар жүргізілетін болады.

«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады», деген Абай Құнанбайұлы. ҚазИТУ-дың 20 жылдығы аясындағы жаңа жобалардың бірі – Тәлімгерлер институты. Тәлімгерлердің студенттермен алғашқы кездесуі Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің кампусында орналасқан Студенттер үйінде өтіп жатыр. Сапалы білім алу, жан-жақты тұлға болуда қызмет ететін, әлеуметтенуде үлкен рөлі бар студенттік, кәсіби, спорттық, шығармашылық клубтар мен секциялар жұмысы және ғылыми-инновациялық зерттеулермен студенттердің қауіпсіз ҚазИТУ қалашығында айналысуына жан-жақты жағдай жасалған», - деп атады Гүлнар Сәрсенбекова.

«Тәлімгерлер күніне» арнайы бұқаралық ақпарат құралдары колдау көрсетті.

ҚазИТУ баспасөз қызметі



ҚАЗИТУ СТУДЕНТТЕРІ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының тапсырысымен, Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігінің «Бірлік - береке бастауы» жобасы бойынша қортынды іс-шарасы өтті. Жобаның мақсаты – Қазақстан халқының, түрлі этнос өкілдерінің өзара достығын нығайту, өзге этностар арасында қазақ мәдениеті мен тілінің қолданыс аясын арттыру.

Іс-шараға ҚазИТУ ректоры Гүлнар Сарсенбекова, «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігінің президенті Арман Әубәкір бастаған бірлестік ұжымы, белгілі мәдениеттанушы Бердалы Оспан және университет пен колледж студенттері қатысты. Сондай-ақ шараға арнайы «Алматы» телеарнасы мен бірнеше ақпараттық порталдар қолдау көрсетті.

Шара аясында әлеуметтік желілерде Алматы қаласындағы түрлі этнос өкілдері арасында Абай шығармаларын мемлекеттік тілде мәнерлеп оқу бойынша бейне-челленджге және қазақ композиторлары мен ақындарының шығармаларына арналған музыкалық челленджге қатысып, жүлделі орынға қол жеткізген жеңімпаздар марапатталды.

Алдымен шараны ҚазИТУ ректоры, қауымдастырылған профессор Г.Сарсенбекова алғы сөзімен ашып, іс-шараның білім алушыларға берер тағлымы зор екенін айта кетті. Өз сөзінде «Абайдың даналығымен, өлеңімен қаруланатын болса, онда өркениеттілік те, өсу де сапалы білім де бәрі біздің жастардың бойынан табылатындығы сөзсіз. Бүгінгі іс-шараның осы құндылықтарды жастар бойына сіңіру үшін берері мол», – деді Гүлнар Әлібекқызы.

Келесі болып сөз тізгінін алған «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігінің президенті Арман Әубәкір 1 мамыр күні жарияланып, бүгінге дейін бейне-челленджге еліміздің түкпір-түкпірінен түрлі этнос өкілдері #Бірлігіжарасқанел хештегі арқылы онлайн қатысқанын, байқаудың ұйымдастырылу баырысы мен маңызын атап өтті.

Аталмыш байқау жеңімпаздарын белгілі мәдениеттанушы, шараның арнайы қонағы Бердалы Оспан марапаттады.

Челленджге қатысқан ҚазИТУ студенттері:

- Илия Жуков - мәнерлеп оқу бағыты бойынша Абайдың қарасөзін жатқа оқып 1-орынды иеленсе, 2-орын Юлия Кимге бұйырды.

- Саятбакиева Сайара – музыкалық бағытта қатысып 1-орын жеңімпазы атанса Сабрина Кошугулова мен Эвелина Мельникова қатысқаны үшін алғыс хаттармен марапатталды.

Сондай республикамыздың басқа да аймақтарынан қатысқан байқау жеңімпаздары да арнайы дипломмен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Бердалы Оспан байқау жеңімпаздарын құттықтап, сәттілік тіледі. Арнайы ҚазИТУ ұжымына алғысын жеткізген сөзінде: «Бүгінгі ҚазИТУ студенттеріне қарап көңілім толып ҚазИТУ-да оқығым келіп кетті. Барлығы шетінен өнерлі, дарынды студенттер. Сіздерге тек сәттілік тілеймін!», - деп жылы лебізін білдіріп, арнайы ән шашуын жолдап көрермендер көңілін бір серпілтіп тастады.

Сондай ақ іс-шарға қолдау көрсеткені үшін ҚазИТУ ұжымы мен өз өнерлерін көрсеткен студенттер: Керей Жандарбек, Базархан Қонысбек, ұйымдастыруға ат салысқан Жастар саясаты департаментінің мамандары алғыс хаттармен марапатталды.





СТУДЕНТЫ ИЗУЧИЛИ ТЕХНОЛОГИЮ МУКИ И ПРОВЕЛИ ЭКСПЕРИМЕНТ



Студенты выпускающих курсов кафедры Технология, оборудование и стандартизация по образовательной программе «Технология продовольственных продуктов» и «Технология перерабатывающих производств» на практических занятиях готовят и изучают технологию муки, макаронных изделий и хлеба. Проводили опыты с использованием растительного сырья, а также готовились к выбору темы дипломной работы.

СТУДЕНТЫ И МАГИСТРАНТЫ УЧАСТВУЮТ В ПРОЕКТЕ

Студенты 3, 4 курса и магистранты кафедры «Технология, оборудование и стандартизация» по образовательной программе «Биотехнология», «Плодоовощеводство» и «Почвоведение и агрохимия» участвуют в проекте ассоциированного профессора кафедры PhD Нокербековой Назым Кыдырханович «Выработка технологий ведения органического сельского хозяйства по выращиванию сельскохозяйственных культур с учётом специфики регионов, цифровизации и экспорта» в учебно-опытном участке Казахского научно-исследовательского института Земледелия и Растениеводства.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің оқытушылары:

1. Татибеков Бауыржан Нұрланұлы - «Экономика және қаржы» кафедрасының меңгерушісі;
2. Колмыкбаев Батырбек Хамитұлы- «Технологиялық жабдықтар және стандартизациялау» кафедрасының профессоры;
3. Нурғалиева Рахилия Тұрсынжанова- «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасының лекторы;
4. Турысбекова Ғалия Жанмолдановна- «Жаратылыстану ғылыми пәндер» кафедрасының лекторы;
5. Бейсбаева Саркыт Жұмайқызы- Кітапханашы.

«Ұстаздар күні» мерекесіне орай университет өміріне белсенді араласып, алға қойған стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруда және сапалы мамандар даярлауда қосқан үлесі үшін Ректордың алғыс хатымен марапатталды.



«Ұстаз — ұлағатты, ұлы есім»

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Жылда жана оқу жылымен қатарлас келетін Ұстаздар күні де күздің үлесіне тиіпті. Осыған орай, ҚазИТУ-да ұстаздарға арналған концерттік бағдарлама өтті.

Аталмыш кештің мақсаты оқытушыларды кәсіби мерекемен құттықтап, мерекелік көңіл күй сыйлау. Ұйымдастырушылар оқытушыларды құттықтап қана қоймай түрлі концерттік бағдарламалар ұсынды. Студенттер күй тартып, би билеп, ән айтып, кеш соңында ұстаздарға гүл шоқтарын сыйға тартты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» – деген еді. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – екінші бірінің қолынан да келе бермейді. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады.



«УЧИТЕЛЬ - ВЕЛИКОЕ ИМЯ!»

День учителя отмечается ежегодно в первое воскресенье октября. Ежегодно в более 100 странах мира празднуют этот день, который был учрежден в 1994 году как Всемирный день учителя. Это профессиональный праздник всех учителей, преподавателей и работников сферы образования — день, в который отмечаются роль и заслуги учителей в процессе качественного образования на всех уровнях, а также их неоценимый вклад в развитие общества. Работа педагога требует колоссального терпения и постоянного профессионального совершенствования, ее значение для формирования и развития общества невозможно переоценить. Труд учителей и преподавателей заслуживает глубокого признания и благодарности.

В честь Дня учителя в Казахском инженерно-технологическом университете профессорско-преподавательский состав кафедры социально-гуманитарных дисциплин провел мероприятие «Учи-

тель - великое имя!». На мероприятие были приглашены преподаватели кафедры А.Нұртазаева, Р. Д.Абилова, А. Асылжанова. Ведущие мероприятия: Мархан Еркемай, Нұрланқызы Алмина от имени студенчества университета выступили с поздравительными речами в адрес педагогов. Студенты специальности биоинженерия и биоинформатики Ғаниқызы Нұрлы прочитала авторское стихотворение, посвященное нелегкому труду учителя. Пушпак Жанбота, радуя учителей и студентов, исполнила песню «Ана». Под бурные аплодисменты аудитории выступил студенческий хор с песней "Ұстазым". В завершении мероприятия со словами благодарности и признательности выступили доктор философских наук, профессор Г.К. Котошева, кандидат педагогических наук, профессор Р.Ш. Абдисулейменова. Много благодарностей было выражено преподавателю английского языка Ұлтараковой З.Р. за интересную организацию данного мероприятия.



“START UP”

ҚазИТУ колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Ая Тәліпқызы «Start up» бизнес идеялар семинарын өткізді. Оқытушылар мен студенттер қатысқан семинар барысында спикер «Стартап» дегеніміз не екенін түсіндіріп кетті. Сонымен қатар, «Astana Hub» жобасы туралы мәлімет беріп, бизнес жоспарды қалай құру ретін көрсетті.

Стартап - бұл жаңа компания; жақында құрылған бизнес. Алайда, соңғы бес жыл ішінде әлемнің көптеген бизнес мектептері «стартаптын» шын мәнінде қандай екендігі туралы әр түрлі академиялық анықтама алды.

Бизнес-мектептер көбіне қабылдайтын «стартаптын» анықтамасын Стивен, Беркли және Императорлық колледж сияқты бизнес мектептеріндегі профессор, Стив Бланк анықтаған. Анықтама келесідей: стартап - бұл «қайталанатын және масштабталатын бизнес-модельді іздеуге арналған уақытша ұйым». Компания дегенмен «қайталанатын және кеңейгілетін бизнес-модельді жасауға арналған тұрақты ұйым». Айырмашылығы, стартаптар тартымды бизнес-модельді іздейді, ал компанияларда мұндай бизнес модель бар және оны сәтті орындауға бағытталған. Бұл айырмашылық екі типтегі ұйымдардың табиғаты мен қажеттіліктеріне әсер етеді.



«ТАЛГАР»

Студенты кафедры «Технология, оборудование и стандартизация» участвуют на семинаре в Региональном филиале Казахском Научно Исследовательском Институте Плодоовощеводства «Талгар».

Студенты 3 и 4 курса кафедры «Технология, оборудование и стандартизация» по образовательной программе «Плодоовощеводство» и «Почвоведение и Агрохимия», а также ассоциированный профессор, кандидат сельскохозяйственных наук Казыбаева Сауле Жамбуловна и лектор, магистр сельскохозяйственных наук Зоржанов Берик Докторханович участвовали на семинаре по теме «Перспектива развития садоводства на юго-востоке Казахстана: проблемы и решения» по направлению «Плодово-ягодные культуры» в Региональном филиале Казахском Научно Исследовательском Институте Плодоовощеводства «Талгар».

«ҚАЙНАР»

"Технология, жабдықтар және стандарттау" кафедрасының студенттері "Қайнар" Қазақ жеміс-көкөніс ғылыми-зерттеу институтының аймақтық филиалында өткен семинарға қатысуда

"Технология, жабдықтар және стандарттау" кафедрасының 3 және 4 курс студенттері, сондай-ақ лектор, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі Зоржанов Берик Докторханович "Қайнар" Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының аймақтық филиалында "қант қызылшасын өсіру технологиясы, қант қызылшасының аурулары мен зиянкестері" тақырыбы бойынша семинарға қатысты.



«РОБОТОТЕХНИКА И ПРОГРАММИРОВАНИЕ»

Кафедрой «Вычислительная техника, автоматизация и телекоммуникация» совместно с директором колледжа Шалабаевой Майры Хусаиновной Казахстанского инженерно-технологического университета 22 октября 2021 года был проведен семинар в онлайн-офлайн режиме на тему «Робототехника и программирование».

Цель семинара - развитие интереса обучающихся к современной робототехнике, программированию, к технике и конструированию, вовлечь студентов в прикладную, исследовательскую, самостоятельную научную деятельность.

Спикером на семинаре выступил Бектемесов А.Т., PhD Computer Science, заведующий кафедры «Вычислительная техника, автоматизация и телекоммуникации», он раскрыл слушателям азы робототехники и рассказал, с чего стоит начать обучение. Он пояснил, что собой представляют автоматизированные системы. Например, завод, на котором производят что-либо без непосредственного участия человека, является такой системой.

В кружках робототехники «Reload», которые проходят каждую субботу, студенты знакомятся с технологией конструирования и программирования робота, а затем сами строят свои первые конструкции и учатся их программировать в специальной среде для программирования Arduino и Python. При разработке идеи и построении робота у обучающихся развиваются все виды мышления.

В следствии проведенных занятий в кружке студенты полностью овладевают знаниями в области робототехники, учатся самостоятельно мыслить, логически четко формулировать и излагать свои мысли. В результате чего у них появляется основная база технических знаний и инженерного мышления.

Лектор кафедры Айжанова А.Е., отметила важность изучать цифровые технологии и основы программирования. В данное время, робототехника – это новая, интенсивно развивающаяся отрасль образовательной сферы, имеющая большие перспективы в будущем.

К семинару проявили большой интерес со стороны студентов, были заданы вопросы спикерам. Студенты и преподаватели получили ответы на интересующие их вопросы и поделились мнениями. Познавательный семинар прошел в течение 1 часа 25 минут и запомнился многим новым, интересным материалом.

В заключении Бектемесов А.Т. поблагодарил всех участников за активное участие в семинаре, все участники отметили актуальность и важность данной темы.

«ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ!»

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Қазақстанда да жыл сайын бұл күн қарттарымыздың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне әрі мемлекетіміздің қалыптасуына қосқан зор үлестеріне сай сый-құрмет көрсетіледі. Биыл да мерейлі мереке өз деңгейінде аталып өтілді. Дәстүрлі жиындардан бөлек еліміздегі Ардагерлер ұйымы 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты қайырымдылық акциясына шақыратын үндеу жариялады.

Қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат - әлеуметтік жағынан аз қорғалған қарт адамдарға, аға буын жалғызбасты зейнеткерлер мен мүгедектерге көңіл бөлу, оларға материалдық, қайырым-

дылық көмек көрсету. Бұл күні елімізде ғана емес, дүние жүзінің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, білім алушылар мен жастар тарапынан қарияларға арналған алуан түрлі қызықты да танымды жобалар ұйымдастырылады.

Игі дәстүрден біздің ҚазИТУ колледжі де тыс қалған емес. Колледжіміздің белсенділері «Белсенді ұзақ өмір» орталығына барып, концерттік бағдарлама көрсетіп, қарттар күнімен құттықтап, өздері дайындаған сыйлықтарын табыстап қайтты.

Қарттары бар ел - бақытты ел, байыпты ел. Қай кезде де, небір сын сағатта да халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын қарттарымыз аман жүрсін, ұрпағының қуанышына бөленсін!



«АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАҰЫҚ»

Халықаралық қарттар күніне орай «Nur Otan» партиясы Бостандық аудандық филиалы Саяси кеңес Бюросының мүшесі Ержан Есенгелдіұлы бастаған партия мүшелері «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында қоғам қайраткері Ибрагимова Бәлла Ахатовнаны құттықтап, ардагерге өзінің ізгі тілектері мен жылы лебіздерін білдіріп қайтты.

Қашанда үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты екені белгілі. Елімізде қарт адамдарға деген ықылас жыл сайын артып, мемлекет тарапынан оларға көрсетілетін көмектің көлемі де ұлғайып келеді.



«ҰЛЫ ТҰЛҒА – АБАЙ»

Абайдың шығармалары арқылы туған елге деген махаббатты, қазақтың ән өнеріне қызығушылықты оятып, студенттерді адамгершілікке, еңбекқорлыққа, адалдыққа баулу, білімге деген құштарлығын арттыру мақсатында ҚазИТУ студенттеріне кураторлық сағат өткізілді.

Кураторлық сағат барысында топ эдвайзерлері студенттерді Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстырып, шығармаларына шолу жасалып, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтты.

Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.



РАБОТА. МОЩНОСТЬ. ЭНЕРГИЯ

12 октября 2021 года в группе «Радиоэлектроника и связь» 1 курса колледжа КазИТУ прошел открытый урок по физике Жолдасовой А. Б. В открытом уроке приняли участие 24 студента группы.

Тема открытого урока «Работа. Мощность. Энергия» была организована как урок закрепления с целью повторения главы.

Цель преподавателя: «Работа. Мощность. Энергия.» в главах были закреплены пройденные темы, проведена проверка полученных знаний учащимися. Выполнила поставленную цель, научив студентов применять полученные знания по разделу: единицы измерения и формулы самостоятельно в любой ситуации. Закрепив урок, студенты пришли к мысли: все течение жизни связано с физической закономерностью.

В открытом уроке приняли участие также обсудили директор колледжа КазИТУ М. Х. Шалабаева, заместитель директора по молодежной политике К. Р. Кемпишева.

ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ БЕЙНЕЛЕР

13 қазанда ҚазИТУ колледжінің орыс тілі және әдебиеті пәні бойынша 1 курс «Туризм» тобында Р.С. Косова ашық сабақ өтті.

Ашық сабақ тақырыбы: А.С. Пушкин, М.Ю.Лермонтовтың шығармалары бойынша «Артық адамдардың» бейнелері. Ш.Т. Айтмағовтың «Плаха» шығармасындағы Авдие Калистратовтың бейнесі.

Сабақтың мақсаты - А.С. Пушкин, М. Ю. Лермонтовтың шығармаларымен танысу негізінде студенттердің тұлғасын қалыптастыруға «миға шабуылы» стратегиясының көмегімен қол жеткізілді, яғни оқушылар Евгений Онегин, Григорий Печорин және Авдие Калистратов бейнелерімен жұмыс нәтижелерін еске алды. Студенттер Онегин-Ленский, Онегин-Печорин, Онегин-Татьяна, Авдие-Обер-Кандалов тобы туралы бірінен соң бірі талқылай отырып, «Адам қалай өмір сүруі керек» деген ойға келді.



РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК

ҚазИТУ студенттеріне «Адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы» тақырыбы аясында өткен тәрбие сағаты рухани - адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды мақсат етті. Рухани - адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт.

Студенттерді рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Рухани - адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет - дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

AUTUMN BALL – 2021

В казахстанском инженерно-технологическом университете прошел традиционный конкурс «Autumn ball». В конкурсе приняли участие студенты 1-3 курсов. По условиям конкурса приняли участие 3 пары, которые соревновались между собой за звание принца осени и принцессы осени. Конкурс проходил по 3 этапам. Это 1 этап презентации, 2 этап – конкурс искусств, 3 этап-Selfie. Свои выступления участники показали на высоком уровне. В конкурсе приняли участие специалист департамента молодежной политики М. Батай, заведующая Домом студентов г. Боранкулова и активная студентка молодежного комитета Адиль –казы.

Лучшим по 3 этапу стала студентка 2 курса образовательной программы «вычислительная техника и программное обеспечение» Гулим Абдуллаева и студент 1 курса образовательной программы «технологические машины и оборудование» Айсултан Темирхан, завоевавшие титул «Mister and miss autumn». Победители были награждены специальными дипломами и денежными призами. Мероприятие подарило студентам отличное настроение. Таким образом, осенний праздник, который начался с красивого вальса, завершился веселой дискотекой.



«ЖАҚСЫМЕН ДОС БОЛСАҢ»

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде ережесіз жекпе-жектен әлемнің III дүркін чемпионы Ардақ Назаровпен кездесу өтті. «Жақсымен дос болсаң» тақырыбы аясында өткен кездесуде спортшы, жастарға жанашыр ойларымен танылып жүрген Ардақ Назаров ер-азаматтарға арналған кеңестерінің ең елеулі деген бестігін атап өтіп, студенттерге тәрбиелік маңызы зор тақырыптарды қозғады.

Алдымен, ол жігіттерге ата-ананы қатты құрметтеу керектігін айтады. «Жігіттерге айтарым, ата-ананы сыйлаңдар» дейді. Екіншіден, қазақ жігіттерінің тентек судан аулақ жүргенін, шылым шекпеуін қалайды. Сонымен бірге, қазіргі таңда сәнге айналған қорқор атаулыға да жоламау тиістігін еске салды. Танымал спортшы үшіншіден, салауатты өмір салтын ұстануды ұсынды. Жігіттер міндетті түрде спортты серік етулері керек екендігін түсіндірді. «Спортпен айналысқаныңыз - ол өзіңізге,



денсаулығыңызға салып жатқан инвестицияңыз. Жаттығуға 10 мың теңге қимасаңыз, кейін 40 жастан асқанда денсаулығыңыз сыр беріп, 100 мың, 200 мың, миллион беріп, қайтара алмаймыз. Денсаулық - Аллаһтың берген аманаты», - дейді ол.

Ардақ Назардың пайымынша, қазақ қоғамына мықты, дені сау қазақ жігіттері, әкелер керек.

Жігіттерге тағы бір кеңес - бала-шағаға үлгі болу. «Адам баласы ол үшін алдымен өзін тәрбиелеу керек. Кітап оқысын, иманын арттырсын. Иманы аузында болсын. Әрдайым Құдайды аузынан тастамасын. Өтірік айтпаған жөн. Әсіресе, балалардың көзінше. Әке-шеше тәрбиесін көрген бала өскенде соны қайталауы мүмкін. Балаларды отбасы қалыптастырады», - дейді Ардақ.

Спортшы ұсынатын келесі кеңес - жамандық жасамау. Адамдардың ең абзалы - жақсылық жасағандары. «Сіз тіліңізбен де, көзіңізбен де жамандық жасамау керексіз. Өсек, өтірік, ғайбат айтпаңыз. Көзіңіз тек жақсы дүниені көрсін. Қолыңызбен тек жақсы нәрсені ұстаңыз», - деген Ардақ Назаров келесі мысалды келтіреді.

«Көлікте келе жатқан қазақ жігіттері бір-біріне жол бермейді. Машинасын сырып кетеді. Содан шығып алады да, ауыр сөздер айтады, төбелеседі, қол жұмсайды. Тіпті, өлтіріп алуы мүмкін. Өлген жігіттің әке-шешесі жылап қалады. Сотталған жігіттің балалары тірі жетім, әйелі жесір қалады. Екі жақтың да ата-аналары жылап-сықтап қалады».

Осындай жағдайда Ардақтың пайымынша, бір жүргізуші екінші жүргізушінің шын жағдайын ойласа, жақсы болар еді.

«Еш жерің ауырып қалмады ма, жолаушыларың аман ба?» деп көңілін сұраса, нұр үстіне нұр болар еді. «Көлік - темір ғой,

адамдарың аман ба?» десе жарасады. Біздің жігіттерді сабырлы болғаны көркем етеді.

Ал іс жүзінде керісінше, екі жақ таныстарына қоңырау шалып, ахуалды ушықтыра түседі.

«Алақандай ғана қазақпыз. Бір-бірімізге туыс-бауырмыз. Қазақты қазақ құрметтемесе, бір-бірімізге жанымыз ашымаса, өзге кімнің жаны ашиды?! Онсыз да қалмақтар езді, кешегі жетпіс жылда қандай болдық? Енді тәуелсіз ел болдық деп жатқанымызда, ру-руға, жүзге, жерге, көшеге бөлінгеніміз елдігімізге сын! Керісінше, батырдың ұрпағымыз, тектіміз деп айтып жүрейік. Алладан қорқайық, ұрпағымызды ойлайық», - дейді Ардақ.

Айтпақшы Ардақ Назаров кездесу барысында қазақ жігіттеріне қазақ қыздарына ағалық ниетпен қарауды өтінді.

«Қазақ жігіттері батыр болса, әлемдегі ең мықты ел болар еді. Қазақтың қызы, ол - сенің қарындасың. Олар болашақ ана, ұрпақты жалғастырады. Оларға ағалық ниетпен қараңдар. Қазақ қызының басынан бір тал шаш түспесін. Әпкелеріңе, қарындастарыңа өзгелердің жаман пиғылмен тиіскенін қаламайсыңдар ғой, сол секілді қазақ қыздарына ағалық ниетпен қараңдар. Біреу тиіссе қорғандар. Құрметтеңдер, құрметін жоғарылатыңдар. Қыздар да соған лайық болсын. Күлген адамның ізінен еріп кетпеу керек», - дейді Ардақ.

Кездесу соңында Ардақ Назаров соғыс жылдарындағы Бауыржан Момышұлының сөздерін де үлгі етті. Онда Бауыржан атамыз ер азаматтарда Отан алдындағы борышы, ел алдындағы намысы міндетті түрде алғашқы орында болу қажеттігін нығарлайды.

Елімізде жауынгерлік өнердің өркендеуіне Алаштың мақтан тұтар ұлы Ардақ Назаровтың айрықша үлес қосқаны анық. Ол - ережесіз жекпе-жектен әлемнің үш дүркін чемпионы, панкратион мен бушидодан әлем кубогының иегері, Еуразия мен Азия біріншіліктерінің жеңімпазы. Джиу-джитсу мен қоян-қолтық айкастан да бірқатар биік белестерді бағындырды. Сонымен қатар айтулы азамат өскелең ұрпақтың сыртқы сауытының мықты болуына мән беріп қана қоймай, оларды үнемі таным мен тағлымға баулып, отансүйгіштік пен имандылыққа тәрбиелеуде.

Уақыт бөліп, кездесуге келген және студенттерге тәрбиелік мәні зор тақырыптарда сөз қозғаған спортшыға Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті өз Алғысын білдіре отырып, кітап пен гүл шоқтарын сыйлап, Алғыс хат табыстады.



«KAZETU ONE FAMILY»

Қоршаған ортаға қатысты кері жайттардың барлығына адамдардың мәдениеті мен түсінігінің төмендігі басты себепші болып отыр. Турасын айтқанда, бой-күйездік, салғырттық, жауапсыздық. Айналадағы ортаның жай-күйі үшін азаматтық борышын қалыптастыру, қоршаған ортаны, туған жерді, табиғатты көздің қарашығындай сақтауға баулуда эко-логиялық тәрбие беру жетіспейді.

Еліміздің келешегі деп сенген жас ұрпаққа қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мен оны қорғау жолдары туралы мағлұмат, экологиялық, эстетикалық тәрбие беру және олардың табиғатқа деген көзқарастарын қалыптастырып, оны түсіне білуге баулу, күшейту мақсатында Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті «ECO DAY» яғни, экология күнін ұйымдастырды.

Ең алдымен, жастардың экологиялық мәдениетінің дұрыс қалыптасуына ықпал жасау керек. Жастардың экологиялық қозғалысының дамуы үшін бағыт көрсету және мүмкіндік беру қажет. Ол мүмкіндікті экологиялық білім мен тәрбиеге баулу арқылы беру керек. Сонда ғана біз «Мәңгілік Ел» бола аламыз. Осы жағдайды шешетін басты жолдардың бірі - экологиялық

білім беру мен тәрбие. Бүгінгі таңда қарапайым тұрмыстық және өндірістік экологиялық мәдениеттің және халықтың, әсіресе, жас ұрпақтың әлемге деген дұрыс көзқарасы қалыптасуы үшін жұмыс жасаудың сәті түсіп тұр!

«Жастар ісі комитетінің» ұйымдастыруымен өткен тазалық күні концерттік бағдарламамен басталды. Студенттер өздері дайындаған номерлерін көрсетіп, ән айтып, би билеп, күй тартылды. Аталмыш акцияға университет және колледж оқытушылары мен студенттері атсалысып, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, оқу корпусының айналасы мен жатахана маңына тазалық орнатты. Артынша, шараға қатысушы студенттер спорттық ойын түрлерінен жарысып, жұлделі орындармен марапатталып, бірігіп жасалған жұмыстан соң оқытушылар мен студенттерге тегін ыстық тамақ таратылды.

Адам – табиғаттың төл перзенті. «Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтатын табиғаттың тілі жоқ» деп бекер айтылмаса керек. Жүректерінде табиғатқа деген қамқорлық, мейірімділік сезімдерін ояту әрбір адамның азаматтық борышы болуы тиіс. Өз денсаулығымыз мықты болсын десек, қоршаған орта тазалығына баса назар аударайық!



«ҚҰТҚАРУШЫ БОЛУ ҮШІН ЖҮРЕК КЕРЕК»

Құтқарушылар мамандығының мәртебесі қашанда биік. Өйткені олар адам өмірін құтқарумен айналысады. Су тасқыны, табиғи және техногенді өрттер, апаттар, тіпті қарапайым тұрмыстық мәселелерде ең біріншіден халық 112 нөмірін теріп, құтқарушылардың көмегін сұрайды. Бүгінгі күнде төтенше жағдайлар санының өсуіне байланысты аталған шара табиғи заңдылыққа айналуға қарамастан, олар зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетіп, лаулаған оттың ортасына кіреді, қансыраған адамды құтқарып, қатыгез қыстың аязында қалғандарға қол ұштарын созады, судан құтқарады, және жоғалғандарды іздеуге күш салады. Бұл олардың күнделікті жасайтын ерліктері.

Алайда құтқарушылардың өздері бұл ауыр да абыройлы жұмыстарымен жар салып, мақтанбай, күнделікті жұмыс ретінде қарайды. Құтқарушы болу үшін жүрек керек. Өйткені біздің жұмыста ауыр да көтересін, төбеден жіппен де секіріп түсесін, қанды да көресін, өлімді де көресін, алғашқы көмек те көрсетесін. Жазда ыстықта, қыста суықта суға түсуге де тура келеді. Сондықтан бұл жұмыс таза ер адамдардың жұмысы және оған ер мінезді адамдар ғана шыдай алады деп айтуға болады. Құтқарушы болу үшін арнайы талаптарға сай болып, қажетті заң талаптарын орындай білу қажет. Яғни, шыныққан денеден бөлек, оның жасы да маңызды. Құтқарушыларды жұмысқа аларда қойылатын негізгі талап,



спортқа бейім, денелері шыныққан және жастары 25-тен аспаған болуы тиіс. Соның негізінде құтқарушылардың келешегі жарқын болады деген үміттемін.

Мен ешқашан құтқарушы боламын деп ойламадым. Спортпен айналысып, келешекте спортсмен болам деген үмітпен Алматы қаласы Каркен Ахметов атындағы Қазақстан Республикасының Олимпиада резервін дайындайтын мектеп интернатты тамамдап, білімді жетілдіру мақсатында электрик мамандығын иелендім. Бірақ бұл салаға мені өмірдің өзі әкелді және құтқарушылар қатарындағы әкемнің жолмен жүрі үлгі болды.

Өз білімді жетілдіру үшін бүгінде Алматы қаласындағы Қазақстан инженерлік-технологиялық университетіне оқуға түсіп, «Төтенше жағдай кезінде қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша білім алудамын. Аталған оқу орнының құтқарушыларды даярлауда үлесі зор. Жоғары білімді, тәжірибелі сабақ беруші мұғалімдер мамандық сырын ашып оқытып, келешекте жақсы маман болып жетілуге аянбай еңбек етуде. Оқу орнын аяқтап, офицер атағын алып, Қазақстан Республикасына аянбай еңбек етем деген ойдамын. Келешек жас ұрпақты құтқарушы мамандығын иеленуге шақырамын.

Рамиль Маликжанов,
ҚазИТУ-дың 1 курс студенті,
Алматы қаласы № 12 Өр сөндіру бөлімінің құтқарушы-
өрт сөндірушісі, азаматтық қорғаудың кіші сержанты



«ШАХМАТ – МИ ГИМНАСТИКАСЫ»

«Sanaly ugraq» ерікті-патриоттық клубының ұйымдастыруымен ҚазИТУ студенттері арасында «Шахмат – ми гимнастикасы» тақырыбында жарысы өтті. Студенттердің шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін жетілдіру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтілген жарысқа 1 курс студенттері қатысты.

Психологтардың айтуынша, шахмат ойнау адамның есте сақтау қабілетін жақсартады. Сонымен қатар, қиын сұрақтарды шешіп, күрделі идеяларды ойлап табуға септігі мол. Көптеген адамдар бұл ойынды жоғары ақыл-ой дәрежесі барларға арналған деп ойлайды. Шахмат ойнау арқылы кез-келген адам өзінің ақыл-ой дәрежесін көтере алады. Ғалымдардың дәлелдеуінше, шахмат ойыны барысында адам миының екі бөлігі де жұмыс істеп, концентрациясы жоғарылап, жылдам ойлау қабілеті жақсарды.



Жарыстың қорытынды нәтижесі бойынша:

- 1-орынды иеленген 1 курс студенті Бекарыс Жүсіпбек,
- 2-орынға ие болған 1 курс студенті Агата Айюб,
- 3-орынды 1 курс студенті Ислам Сұлтанов иеленді.

КТА ЛИГАСЫ

Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінде «көңілді тапқырлар алаңы» лигасының алғашқы ойыны өтті. КТА лигасы - бұл студенттердің шығармашылық, креативті ойлауын дамыту және олардың тиімді бос уақытын ұйымдастыру болып табылатын әзіл-оспақ мазмұнының оқудан тыс жобасы. Студенттер арасында кта лигасына қызығушылығы мен қабілеті бар студенттер көп болды. Лиганың алғашқы тұсаукесер ойынына 3 команда қатысып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Олар «Болашақ», «Арпа ішінде 1 бидай», «Шучу» командалары. Алғашқы кезең «Сәлемдесуде» командалар өздерін таныстырса, 2-кезең «Сұрақ-жауап» болып, көрермендер сұрақтарына қатысушы командалар әзіл түрінде жауап берді. Сайыс соңында командалар белсенді қатысқаны үшін марапатталды. КТА лигасының координаторы 2 курс студенті Совет Данияр басқа да студенттерді құрама қатарына қосылып, келесі турнирлерге қатысуға шақырды.



«TEAM BUILDING» ПРОШЕЛ НА УРА!

В Казахском инженерно-технологическом университете существует замечательная традиция, с которой знаком каждый студент, переступивший порог университета. В начале каждого учебного года для всех первокурсников устраивается выездной праздник – тимбилдинг. Его традиционно организуют активисты Комитета молодежных организаций. Это сродни посвящению в студенты, ведь во время поездки новички знакомятся друг с другом, со своими преподавателями, старшими товарищами.

Все это для того, чтобы первокурсники ощутили себя частью большой и дружной семьи КазИТУ и с удовольствием вступили в новую, особенную студенческую жизнь. В такую пору, в один из теплых дней осени, студентам КазИТУ удалось побывать в местностях Тургеньского ущелья.

Тургеньское ущелье является одним из самых посещаемых мест в горах. Красивые водопады, чистая родниковая вода, живописные горы, памятник природы государственного значения – в Тургеньском ущелье есть чему порадовать глаз.

Всего в поездке собралось около 200 человек, большая часть из которых – первокурсники. Также ректор КазИТУ Г. Сарсенбекова специально приехала в тур и вместе со студентами приняла участие в тимбилдинге.

Совместный выезд на природу – удачная идея по многим причинам. Все, кто когда-то был первокурсником вспоминает то время скажет, что в самом начале студенчество может оглушить и запутать. В первые месяцы студенческой жизни многие первокурсники чувствуют себя растерянными. Ведь в школе все было иначе – присматривали учителя, направляли и контролировали каждый шаг. В университете все иначе, и приспособиться к этому сразу сложная задача. Тимбилдинг для первокурсников предназначен решить эту проблему. Отдых в неформальной обстановке вместе со сверстниками и преподавателями, веселая и дружная атмосфера помогают узнать друг друга и почувствовать себя на своем месте. Поездка настраивает на позитивный лад и укрепляет уверенность, что студенчество – это не скучно, не страшно, а все самое интересное – впереди.

Ребята подготовили флешмоб, который настроил настроение на весь день и настроил все как надо, активно. После этого участвовал в различных конкурсах, играх. Также была красочная фотосессия, в конце которой самые активные участники были награждены сертификатами и памятными подарками. Атмосфера радости и веселья наглядно показала, что основная цель тимбилдинга достигнута. Все хорошо отдохнули, набрались сил, освободились, обзавелись множеством новых знакомств и, конечно же, позитивно настроились на весь учебный год. Мы желаем ребятам, а также дорогим преподавателям удачи и отличного учебного года! Первокурсники, Добро пожаловать в КазИТУ!

«FIGHT BATTLE»

ҚазИТУ студенттері арасында «Жастар ісі комитетінің» ұйымдастыруымен «Fight battle» тақырыбында би жарысы өтті. Би билеу адамның көңіл-күйін көтереді. Сонымен қатар түрлі қозғалыстарды жасау арқылы қан айналымы жақсарып, бой жеңілдеп, ми тамырлары кеңейеді екен. Биді спортқа жатқызудың да өзіндік себебі бар. Өйткені би көп энергияны қажет етеді. Адам өз-өзін үнемі шынықтырып отыруы тиіс.

«Fight battle» атты билер жарысына студенттерден құралған 5 топ қатысты. Олар: «Terbel», «Метеорит», «Diamond», «Dazzle», «Shymcity».

Жарыстың 1-кезеңі «Топтық таныстыру»; 2-кезең «Tik-tok dance», әр топтан бір адам шығып би биледі. Өлең аяқталғанда бір қатысушы ойыннан шығып отырды. Ойын соңында ең көп қатысушылар қалған топ жеңіске жетті. 3-кезең «Ыстық орындық». Орындықтарды кеміту арқылы қатысушылардың жылдамдықтарын тексеру. 4-кезең «Battle» (ережесіз би алаңы) топтан бір ойыншыдан шығып бір-бірлерімен жарысқа түсті.

Колледж ішілік өткен би жарысының қорытындысы бойынша: 1-орын «Terbel» командасы; 2-орын «Метеорит» командасы; 3-орын «Dazzle» командасы.

СТУДЕНТ КАЗИТУ ЗАНЯЛ ПРИЗОВОЕ МЕСТО

В Алматы прошла VI Спартакиада Республики Казахстан. Студент 4 курса образовательной программы «Радиотехника электроника и телекоммуникации» Казахстанского инженерно-технологического университета Онайбай Мейржан стал победителем в 2 категории. Он занял 3 место в беге на 200 метров по легкой атлетике, 2 место в прыжках в длину. Поздравляем! Пусть у вас будет много победных дней!



«ТАЗАЛЫҚ- ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛ»

ҚазИТУ студенттері «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында «таза бейсенбілік» шарасын өткізді. Оқу ғимараттары айналасы мен кабинеттерге тазалық орнатып, тұрмыстық қоқыстардан, жапырақтардан, құрғақ шөптерден тазартып, аллея мен гүлзарларды қазу жұмыстары жасалды.

Таза бейсенбілік мақсаты: студенттерді еңбек етуге үйрету, табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыту, балаларды тәртіпке баулу. Себебі оқу ордамыз біздің екінші үйіміз.

Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі – салауатты өмір салтын сақтау мен қолдауда.

«RETRO-PARTY»

ҚазИТУ колледжінің «Dazzle» жастар ұйымының ұйымдастыруымен 80-90 жылдар стиліндегі «RETRO-PARTY» тақырыбында кеш өтті. Концерттік бағдарламада 80-90-жылдардағы әндер орындалып, билер биленді. Кеш барысында түрлі ойындар ойнатылды. Қатысушыларға ретро әндер мен оларды орындаушылар туралы сауалдар қойылып, дұрыс жауап бергендер сыйлық иеленді. Кешке келген студенттердің киім үлгілері де ретро стилінде болды.



Журналдың кеңесшісі:

ҚазИТУ ректоры
Сәрсенбекова Гүлнар Әлібекқызы

Редколлегия алқасы:

ҚазИТУ студенттік
баспасөз қызметі

Мекенжай:

Әл-Фараби даңғылы 89/21
(Әл-Фараби даңғылы
93Г/5), 050060, Алматы

Байланыс нөмірлері:

+7(777)6082525
+7(747)3054939
kazetu2001@gmail.com